

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан террористік тұрғыда осал объектілер тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 21 қарашадағы № 460 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 желтоқсанда № 4414 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 27 ақпандағы № 39 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 27.02.2020 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 06.11.2018 № 317 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 26-2) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан террористік тұрғыда осал объектілер тізбесі (қызмет бабында пайдалану үшін) бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

- 1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы әкімдік қаулысын мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы – Солтүстік Қазақстан өңірлік құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;
- 3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ.М.Сәрсембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулыны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі*

Қ.Ақсақалов

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігінің
Солтүстік Қазақстан облысы
ішкі істер департаменті"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы*

Б.Білалов

2017 жылғы 21 қараша

*"Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Солтүстік Қазақстан облысы
бойынша департаменті"
мемлекеттік мекемесінің
бастығы*

А.Ақшаев

2017 жылғы 21 қараша